

**SEISMIC OBSERVATIONS**

**Nuclear Test Ban**

**Agreement Between the  
UNITED STATES OF AMERICA  
and KAZAKHSTAN**

Signed at Washington November 18, 1997



NOTE BY THE DEPARTMENT OF STATE

Pursuant to Public Law 89—497, approved July 8, 1966  
(80 Stat. 271; 1 U.S.C. 113)—

“ . . .the Treaties and Other International Acts Series issued under the authority of the Secretary of State shall be competent evidence . . . of the treaties, international agreements other than treaties, and proclamations by the President of such treaties and international agreements other than treaties, as the case may be, therein contained, in all the courts of law and equity and of maritime jurisdiction, and in all the tribunals and public offices of the United States, and of the several States, without any further proof or authentication thereof.”

## **KAZAKHSTAN**

### **Seismic Observations: Nuclear Test Ban**

*Agreement signed at Washington November 18, 1997;  
Entered into force November 18, 1997.*

**AGREEMENT  
BETWEEN  
THE DEPARTMENT OF DEFENSE  
OF THE UNITED STATES OF AMERICA  
AND  
THE MINISTRY OF SCIENCE AND ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
CONCERNING THE  
ESTABLISHMENT AND OPERATION OF NUCLEAR TEST  
SEISMIC MONITORING STATIONS IN KAZAKHSTAN**

The Department of Defense of the United States of America and the Ministry of Science and Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, hereinafter referred to as the Parties,

For the purposes of monitoring nuclear tests and contributing to the prevention of nuclear weapons proliferation,

Noting the accession of the Republic of Kazakhstan to the Treaty on the Non-Proliferation of Nuclear Weapons of July 1, 1968,

Desiring to undertake projects related to the establishment, operation, and maintenance of nuclear test seismic monitoring stations located in the Republic of Kazakhstan,

In support of national and international requirements, including the Comprehensive Test Ban Treaty (CTBT),

Further desiring to obtain recognition of each Party's contribution herein towards its assessment under the CTBT,

Have agreed as follows:

### **ARTICLE I**

In support of effective measures to verify nuclear weapons non-proliferation and to monitor nuclear testing and pursuant to the terms of this Agreement, the Parties shall establish new geophysical (seismic) monitoring stations located in the Republic of Kazakhstan, upgrade existing stations, and operate and maintain them, as mutually agreed.

### **ARTICLE II**

This Agreement and all activities undertaken in accordance with this Agreement shall be subject to the same terms provided in Articles V, VI, VII, VIII, IX (paragraphs 1 and 2), X, XI, XII, and XIII of the provisions of the Agreement between the United States of America and the Republic of Kazakhstan Concerning the Destruction of Silo Launchers of Intercontinental Ballistic Missiles, Emergency Response, and the Prevention of Proliferation of Nuclear Weapons of December 13, 1993.

### **ARTICLE III**

1. Each Party shall designate an Executive Agent which shall serve as the cooperating agency to implement this Agreement. For the United States, the Executive Agent shall be the United States Department of Defense, Air Force Technical Applications Center, hereinafter referred to as AFTAC. For the Republic of Kazakhstan, the Executive Agent shall be the Ministry of Science and Academy of Sciences, National Nuclear Center, hereinafter referred to as the NNC.

2. Each Party, following written notification to the other Party, may delegate the responsibilities of the Executive Agent for the implementation of this Agreement to other agencies, departments or government units.

3. The Parties shall, as appropriate, enter into supporting agreements for the implementation of this Agreement, hereinafter referred to as implementing agreements. In case of any inconsistency between this Agreement and the implementing agreements, the provisions of this Agreement shall prevail.

### **ARTICLE IV**

In order to facilitate the implementation of this Agreement, the U.S. Party shall:

1. Conduct site surveys at the agreed locations to determine exact siting and configuration of the stations.

2. Provide technical expertise to insure that the stations will meet initial operating capability standards when construction is complete, including communications requirements.

3. Provide necessary technical equipment for the establishment, operation, and maintenance of the stations.

4. Replace technical equipment owned by the United States, as required.

5. Arrange and fund for transmission of data, as needed, from the stations to the United States in accordance with U.S. technical requirements.

6. As needed, cooperate with Kazakhstan for the transmission of data recorded at U.S. International Monitoring System stations to Kazakhstan, in accordance with Kazakhstani technical requirements.

7. Provide depot level maintenance and support for the technical equipment owned by the United States.

8. To the extent required to satisfy U.S. technical requirements, train Kazakhstani personnel in the operation and maintenance of all U.S. owned technical equipment. Training may take place in the Republic of Kazakhstan or at training facilities in the United States. Such courses of instruction shall be conducted in English. All expenses for training of Kazakhstani personnel to satisfy U.S. requirements shall be borne by the U.S.

9. Retain title to all technical equipment provided by it in support of the stations, including the right to remove such equipment from the Republic of Kazakhstan when no longer required for purposes of this Agreement or upon its termination.

#### ARTICLE V

In order to implement this Agreement, the Kazakhstan Party shall:

1. Provide and fund for all necessary real estate, prepare the sites and construct all necessary facilities.

2. Provide all utilities and, except as otherwise set forth in this Agreement, equipment for the installation, operation and maintenance of the stations.

3. Operate and maintain the stations in accordance with this Agreement and mutually agreed upon procedures and arrangements, as set forth in an implementing agreement.

4. Fund all operations, maintenance and internal communications requirements of the stations, except as otherwise set forth in this Agreement.

5. Maintain physical security of all facilities and equipment associated with the stations, including data transmission lines and seismic field equipment and sensors, unless otherwise agreed. Provide U.S. personnel access to all technical equipment provided by the U.S. Party.

6. Cooperate with the United States for the transmission of data recorded at the stations to the United States, as required by the U.S. Party.

7. Arrange and fund for transmission of data, as needed, from U.S. International Monitoring System stations to Kazakhstan in accordance with the technical requirements of the Republic of Kazakhstan.

8. Make available all data recorded at the stations to the International Data Center (IDC) and, as required, the prototype or provisional IDC being developed in support of the CTBT.

9. When training of Kazakhstani personnel in the United States is required, provide trainees who have the required technical skills. Kazakhstan shall also provide translation services to assist the U.S. training team while instructing Kazakhstani personnel if such personnel do not have a working knowledge of the

English language. Personnel trained by the U.S. should remain on station at least three years following completion of the training course.

10. As required, arrange for the authorization of frequencies for land mobile radios and other communication requirements.

#### **ARTICLE VI**

1. All activities of the Parties under this Agreement are subject to the availability of funds appropriated in accordance with the laws and regulations of each of the Parties. Each Executive Agent shall promptly notify the other if available funds are not adequate to fulfill its obligations under this Agreement. In such an event, the Executive Agents shall immediately take measures necessary to continue operations on a modified basis, as mutually agreed.

2. As set forth in Article IV, paragraph 22 of the CTBT, and the appropriate provisions of the Financial Regulations of the Preparatory Commission for the CTBT Organization, decisions of the Preparatory Commission (e.g., CTBT/PC/III/CRP.2/Rev.2 and CTBT/PC/III/CRP.15/Rev.1) and taking into account any subsequent decisions taken by the Preparatory Commission and the CTBT Organization, the Parties may submit a request, either independently or jointly, for a reduced assessment to the Preparatory Commission or the Executive Council. Prior to such request, the Parties shall have agreed on the division of funding that each Party shall have contributed toward the establishment/upgrade of each station and the Republic of Kazakhstan shall have informed the CTBT Preparatory Commission or the Executive Council of the results of such agreements.

#### **ARTICLE VII**

Visitors may visit the stations after receiving approval from both Executive Agents of the Parties.

#### **ARTICLE VIII**

All documentation provided in connection with this Agreement shall be in the English language. Any requirement to translate this documentation into the Russian or Kazakh language shall be the responsibility of the Kazakhstan Party.

#### **ARTICLE IX**

Any disagreement relating to the interpretation or application of this Agreement shall be resolved only by consultation and negotiation between the Parties.


#### **ARTICLE X**

1. This Agreement shall enter into force upon signature and shall remain in force for ten years, with an automatic extension for subsequent ten year periods.

2. This Agreement may be terminated by mutual agreement, or by either Party unilaterally upon six months prior written notification to the other Party of its intention to terminate this Agreement. This Agreement may be amended by the written agreement of the Parties.

DONE at Washington this eighteenth day of November, 1997, in two copies, each in the English and Kazakh languages, each text being equally authentic. In the event of divergence, the text in the English language shall prevail.

**FOR THE DEPARTMENT OF  
DEFENSE OF THE UNITED STATES  
OF AMERICA:**

Handwritten signature of John J. Hamer in cursive script.

**FOR THE MINISTRY OF SCIENCE  
AND ACADEMY OF SCIENCES OF  
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:**

Handwritten signature in cursive script, likely representing the Ministry of Science and Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.



**Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс Министрлігі мен  
Қазақстан Республикасының Ғылым Министрлігі-Ғылым  
Академиясы арасындағы ядролық сынақтарды бақылау жөнінде  
Қазақстанда сейсмикалық станциялар орнату және пайдалану  
туралы**

## **К Е Л І С І М**

Бұдан әрі “Тараптар” деп аталатын, Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс Министрлігі және Қазақстан Республикасының Ғылым Министрлігі-Ғылым Академиясы (ҚР FMFA)

Ядролық сынақтарды бақылау және ядролық қарудың таралмауына жәрдемдесу мақсатымен,

Қазақстан Республикасының ядролық қаруды таратпау туралы 1968 жылғы 1 шілдедегі Келісімге қосылғанын атай отырып,

Қазақстан Республикасында орналасқан ядролық сынақтарды бақылау жөніндегі сейсмикалық станцияларды күту мен пайдалану, орнатуға байланысты жобаларды жүзеге асыру ниетін білдіре отырып,

Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартты (ЯСЖТШ) қоса алғанда, ұлттық және халықаралық талаптарды орындай отырып,

Сондай-ақ, әр Тараптың ЯСЖТШ шеңберінде орындалатын жұмысқа қосқан өз үлесіне лайықты баға берілуі тілегін білдіре отырып,  
төмендегілер жөнінде келісті:

### **1-БАП**

Ядролық қарудың таратылмауына және ядролық сынақтарға бақылаудың пәрменді шараларын жүзеге асыру мақсатында және осы Келісімнің шарттарына сай Тараптар өзара уағдаластықтарға сәйкес Қазақстан Республикасында

жаңа геофизикалық (сейсмикалық) бақылау станцияларын орнатады, қазір жұмыс істеп жатқан станцияларды жаңартуды жүргізеді, олардың пайдаланылуын және қызметін қамтамасыз етеді.

## 2-БАП

Осы Келісімге сәйкес қабылданып отырған осы Келісім және бүкіл іс-әрекет, Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасы арасындағы 1993 ж. 13 желтоқсандағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшырғыш қондырғыларын, апатты жағдайларының салдарын жою және ядролық қаруды таратудың алдын алу Келісімнің V, VI, VII, VIII, IX (1 және 2-тармақтары) X, XI, XII және XIII Баптарында аталған шарттардың күші аясына енеді.

## 3-БАП

1. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімді жүзеге асырудағы ынтымақтастық бойынша Жауапты Орындаушы рөлінде әрекет ететін ведомствоны тағайындайды. Америка Құрама Штаттарынан Жауапты Орындаушы АҚШ Қорғаныс Министрлігінің Әскери-Әуе Күштерінің қолданбалы техника Орталығы болады, бұдан әрі "АФТАК" деп аталады. Қазақстан Республикасынан Жауапты Орындаушы Қазақстан Республикасы Ғылым Министрлігі-Ғылым Академиясының Ұлттық Ядролық Орталығы болады, бұдан әрі "ҰЯО" деп аталады.

2. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапты жазбаша хабардар еткен соң осы Келісімді жүзеге асырудағы Жауапты Орындаушының міндеттерін басқа ведомстволар мен мекемелерге немесе мемлекеттік органдарға бере алады.

3. Тараптар қажеттілікке қарай осы Келісімнің ережелерінің іске асырылуы бойынша уағдаластықтар жасай алады, бұлар бұдан әрі орындаушылық келісімдер деп аталады. Осы Келісім мен кез келген осындай уағдаластықтар арасында қандай да бір сәйкессіздіктер болған жағдайда, осы Келісімнің ережелері басым күшке ие болады.

#### 4-БАП

Осы Келісімнің орындалуына жағдай жасау үшін американдық Тарап мыналарды іске асырады:

1. Сейсмикалық станциялардың дәл орналасуы мен конфигурациясын анықтау мақсатында келісілген алаңдарда инженерлік ізденістер жүргізу.

2. Құрылыс аяқталысымен, байланыс бойынша талаптарды қоса отырып, пайдалану талаптарын қамтамасыз етуге қажетті бірлескен техникалық сараптауды іске асыру.

3. Станцияларды орнату, пайдалану және қызмет көрсету үшін қажетті техникалық жабдықты беру.

4. Қажет жағдайда АҚШ-қа тиесілі техникалық жабдықты ауыстыру.

5. АҚШ-тың техникалық талаптарына сәйкес АҚШ-қа станциялардан мәліметтерді жіберуді ұйымдастыруды және қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

6. Қазақстан Тарабының техникалық талаптарына сәйкес АҚШ орналасқан Халықаралық Бақылау торабы станцияларында жазылған мәліметтерді Қазақстанға беруде Қазақстанмен ынтымақтастық жасайды.

7. АҚШ-қа тиесілі жататын техникалық жабдықты базалық деңгейде ұстауды және күтуді қамтамасыз етеді.

8. АҚШ-қа тиесілі барлық техникалық жабдықты пайдалану және күтуге қазақстандық персоналды АҚШ-тың техникалық талаптарын қанағаттанарлық дәрежеде оқыту. Оқыту, АҚШ оқу орталықтарында немесе Қазақстан Республикасында жүргізіле алады. Мұндай курстар ағылшын тілінде жүргізіледі. АҚШ талаптарына сәйкес Қазақстан Тарабының персоналын оқыту жөніндегі бар шығынды Америка Тарабы көтереді.

9. Егер жабдықтар осы Келісім мақсаттарына бұдан былай қажет болмаса, немесе осы Келісімнің күші аяқталған болса, осы жабдықты Қазақстан Республикасынан алып кету құқын қоса алғанда, станцияларға қызмет көрсетуге қойылған барлық техникалық жабдыққа меншіктік құқын сақтайды.

## 5-БАП

Осы Келісімді жүзеге асыру үшін Қазақстан Тарабы.

1. Қажетті орындар береді және қаржыландырады, барлық алаңдарды даярлайды және қажетті ғимараттардың құрылысын жүргізеді.

2. Осы Келісімде басқаша қаралмаған болса, онда, станцияларды орнату, пайдалану және күту үшін барлық коммуналдық қызметті жүргізеді және жабдықты қояды.

3. Орындаушылық Келісімде көрсетілгендей, өзара келісілген процедуралар мен келісушіліктер және осы Келісім бойынша станцияларды пайдалану және күтуді қамтамасыз ету.

4. Осы Келісімде қаралған ережелерден басқаны есепке алмағанда, станцияларды пайдалану күту және ішкі байланысты қаржыландыру.

5. Станциялардың жұмысына байланысты туған мәліметтерді жеткізу желілерін, сондай-ақ сейсмикалық қозғалмалы жабдық және хабарлағыштарды қоса алғанда, егер басқадай ескертулер алдын ала айтылмаған болса, барлық құрылыстар мен жабдықты күзетуді қамтамасыз ету. Америка Тарабының қызметшілерін Америка Тарабынан қойылған барлық жабдыққа қатыса алуын қамтамасыз ету.

6. Америка Тарабының талаптарына сай АҚШ станцияларында тіркелген мәліметтерді жіберуде АҚШ-пен ынтымақтастық ету.

7. Қазақстан Республикасының техникалық талаптарына сай АҚШ-та орналасқан Халықаралық Бақылау торабы станцияларында тіркелген мәліметтерді қажет жағдайда Қазақстанға беруді ұйымдастыру және қаржыландыру.

8. Станцияларда тіркелген барлық мәліметтерді Халықаралық Мәліметтер Орталығы (ХМО) үшін кедергісіз ету және егер талап етілген жағдайда, ЯСТЖШ-ны қолдау үшін ХМО-ға ұқсайтын ұйымды немесе уақытшасын құру.

9. Қазақстан Тарабының қызметшілерін АҚШ-та оқыту үшін жеткілікті техникалық біліктері бар үміткерлерді іріктеп алу. Қазақстан Тарабы сондай-ақ Америка мамандарына көмек беру үшін Қазақстан Тарабының қызметшілерін оқыту үрдісінде, егер олар қажет деңгейде ағылшын тілін білмесе, аудармашылық көрсетеді. АҚШ көмегімен оқу курсы

бітірген қызметшілер курс аяқталған соң станцияларда кемінде үш жыл жұмыс істейді.

10. Қажет жағдайда жер бетілік көшпелі радио байланыс желілері үшін және байланыстың басқа да талаптары бойынша радио жиіліктерін бекітуді қамтамасыз етеді.

#### 6-БАП

1. Тараптардың осы Келісім бойынша барлық қызметі Тараптардың әрбірінің заңдары мен ережелеріне сәйкес бөлінген, қолда бар қаржы құралдарымен жүргізіледі. Әрбір Жауапты Орындаушы осы Келісім бойынша міндеттерді орындау үшін қолда бар қор жеткіліксіз болса, басқа жауапты орындаушыны осы жайлы уақытылы хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда өзара Келісім бойынша Орындаушылар кешеуілдетпей қабылданған өзгерістер негізінде жұмысты одан әрі жалғастыруға қажет шараларды алады.

2. Тараптар ЯСЖТШ ІҮ Бабының 22-тармағына сәйкес және ЯСЖТШ ұйымдастыру жөніндегі Даярлау Комиссиясының Қаржылық Тәртіптеу туралы ережелеріне, Даярлау Комиссиясының (мысалы ЯСЖТШ /ДК/Ш/ Конф.матер.2/түзет.2 және ЯСЖТШ ДК/Ш/Конф. матер.15/түзет.1) шешімдеріне сәйкес бағаны төмендету туралы бірлескен немесе жеке өз бетінше Даярлау комиссиясына немесе Орындаушы комитетке өтініш түсіре алады. Мұндай өтініш түскенге дейін Тараптар Станцияларды орнату немесе жаңғыртуға өздерінің қосатын қаржы үлестеріне Тараптар қаржы бөлу жайлы жауапкершілігі туралы Келісімге қол жеткізеді, ал Қазақстан Республикасы мұндай Келісім нәтижелері жайлы Даярлау комиссиясына немесе ЯСЖТШ Орындаушы Комитетіне хабарлама жібереді.

#### 7-БАП

Келушілер екі Тараптың Жауапты Орындаушыларынан рұқсат алған соң станцияларға кіруге құқылы.

#### 8- БАП

Осы Келісімге байланысты ұсынылатын барлық құжат ағылшын тілінде түседі. Құжатты орыс немесе қазақ тіліне

аудару жауапкершілігі Қазақстан Тарабының мойнында болады.

### 9-БАП

Осы Келісімнің нормаларын түсіндіру және қолдану жөнінде туындайтын келіспеушіліктер Тараптардың өзара консультациялармен келіссөздер арқылы шешіледі.

### 10-БАП

1. Осы Келісім қол қойған күнінен бастап күшіне енеді, Осы Келісім 10 жыл мерзімге жасалады, осы мерзім біткен соң оның қолданыс мерзімі өздігінен келесі онжылдық мерзімдерге ұзартылады.


2. Осы Келісімнің мынадай жағдайларда күші жойылады:

- Тараптардың өзара келісімі бойынша;
- бір жақты тәртіппен, егер бір Тарап Келісімнің күшін жоюына дейін кемінде 6 ай бұрын оның қолданысын өзінің тоқтатқысы келетіні туралы екінші Тарапқа жазбаша мәлімдейтін болса;

Осы Келісімге Тараптардың жазбаша келісуі арқылы түзетулер енгізілуі мүмкін.

Вашингтон қаласында, Колумбия округі, 1997 жылғы "18" қарашада екі дана етіліп, әрқайсысы ағылшын және қазақ тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің де күші бірдей. Пікір алшақтықтары туған жағдайда ағылшын тілі басым болады.

Америка Құрама  
Штаттарының Қорғаныс  
министрлігі үшін



Қазақстан Республикасының  
Ғылым министрлігі-Ғылым  
Академиясы үшін

